

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Лепті сөйлем

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.01.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/24374/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Баймешова Алия

Сабақтың мақсаты: оқушыларға адамның көңіл күйі, қуанышы, екінші, реніші сезімдері лепті сөйлемдер арқылы білдіретіндігін меңгерту, оқушылардың тіл байлығын дамыту, байланыстыра шешен сөйлеуге үйретуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: кесте, сурет, слайд

Әдісі: сұрақ-жауап, түсіндіру, көрнекілік.

Сабақтың барысы:**I.Ұйымдастыру кезеңі**

-Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару

II.Үй тапсырмасын тексеру**III.Жаңа сабақ****1.Кіріспе әңгіме**

Бастауыш сынып оқушылары үшін лепті сөйлемді меңгеру қиындық туғызуы мүмкін. Сондықтан лепті сөйлемді меңгертуге берілген сағаттарда көрнекі құралдарды

пайдалану маңызды.

Сабақ ұнтаспадан төмендегідей сөйлемдерді тыңдатудан басталады.

1. Сүйіктіменің Қазақстаным жасасын!
2. Қап, бақшаның есігін жауып қоймағанекенмін!
3. Қане, күнделігіңді берші! 4. Шіркін, Айғасамға пұшсамғой!

Оқушылардан әр сөйлем қандай мағынаны білдіріп тұрғаны сұралады. Мұғалім оқушы жауаптарын пайдалана отырып, төмендегідей кестені толтырады.

2. Негізгі бөлім

а) **1-жаттығу.** Сурет бойынша жұмыс жүргізіледі. «Футбол ойыны» тақырыбына әңгіме құрастырады. Құрастырған мәтіннен лепті сөйлемдерді тапқыздырылады. Лепті сөйлемнің соңына қойылатын тыныс белгісі еске түсіріледі. Мәселен:

1. Алақай, біз жеңдік!
2. Жарайсың, Марат!

ә) Ереже оқылып, лепті сөйлемнің өзіндік ерекшеліктері түсіндіріледі:

- Лепті сөйлем адамның көңіл күйін, сезімін (қуану, ренжу, өкіну, ұран) білдіреді.
- Лепті сөйлем үнемі көтеріңкі дауыспен айтылады.
- Лепті сөйлемнің соңына леп белгісі (!) қойылады.

2-жаттығу. Өлеңді түсініп оқы. Өлеңнен сұраулы сөйлемді тауып оқы. Өлеңнен леп белгісі бар сөйлемді тап. Осы сөйлемді қандай дауыспен оқыдың?

Білім тереңтеңізбе,

Білім, еңбекегізбе?

«Руханиазығым –

Осы екеуі деңіз де, —

Дейді атам, —

Білімді еңбекпенен сен ізде!»

Ереже!

Лепті сөйлем адамның көңіл күйін, сезімін (қуану, ренжу, өкіну) білдіреді. Олар көтеріңкі дауыспен айтылады. Лепті сөйлемнен соң леп белгісі (!) қойылады.

3. Оқулықпен, дәптермен жұмыс.

Оқулықтағы жаттығуларды орындатуарқылы төмендегідей жұмыстар жүргізіледі:

1. Сөйлемді сазына келтіріп оқуға дағдыландыру.
2. Лепті сөйлемнің қандай мағынаға (қуану, өкініш, реніш, ұран, бұйыру) білдіріп тұрғандығын анықтату.
3. Лепті сөйлемнің тыныс белгісін дұрыс қоя білуге жаттықтыру.
4. Оқушыларға лепті сөйлемдерге мысалдар келтірту.
5. Хабарлы, сұраулы және лепті сөйлемдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айтқызу.

4-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Тоқта! Дайындал! Жолашық!

Үш көзінде белгі тұр

Балақандар, бол, асық.

Б. Исаева

1. Сабақты қорытындылау.

Оқушылардың лепті сөйлемді қалай меңгергендігін пысықтау мақсатында қойылатын сұрақтар:

1. Лепті сөйлемдегі неміз не?
2. Лепті сөйлем қандай мағынаны білдіреді?
3. Лепті сөйлем қалай оқылады?
4. Лепті сөйлем соңына қандай тыныс белгісі қойылады?

Сондай-ақ оқушылар лепті сөйлемді мәнерлеп оқы, мәтіннен лепті сөйлемді табу, лепті сөйлемдерді дұрыс жазу, лепті сөйлемдерді хабарлы немесе сұраулы сөйлемдерге айналдыру тәрізді тапсырмаларды орындау арқылы білім-білік дағдылары қалыптасады. Сабақта ұнтаспаны пайдаланып, лепті сөйлемдерді дауыс-intonациясындұрыстап келтіріп оқуды үйретуге болады.

V. Үйге тапсырма беру

3-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, дәптеріңе көшіріп жаз. Лепті сөйлемдерді тауып оқы.

Түлігі өскен алуан-алуан,

Төс, алқабымалғатолған,
Неткенсұлу, неткенкөркем!
Осы меніңтуғанөлкем!
Ө. Тұрманжанов

VI. Бағалау

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.